КСЕРОКӨШІРМЕ
КСЕРОКОПИЯ

Көшірме дұрыс [signature]

Педагог біліктілік санаты беру (растау)туралы

КУӘЛІК

Осы куәлік **Ешмуханова Гулжахан Калдановнаға**

(ТАӘ (болған жағдайда), толы)

2022 " 30 " желтоқсан №533 (*2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығы*) бұйрығымен Біліктілік санаттарын беру (растау)бойынша аттестаттау комиссиясының шешіміне сәйкес берілді

Түркістан қаласының білім бөлімі мемлекеттік мекемесі

(білім беру ұйымының немесе білім басқармасы органының толық атауы)

2023 жылғы " 23"тамыз №156 бұйрығы негізінде

**«Басшы-көшбасшы» біліктілік санаты**

лауазымы бойынша берілді (расталды).

меңгеруші

(лауазымның атауы)

Осы куәлік 2026_ жылғы "23" тамызға_ дейін жарамды.

Білім беру ұйымының басшысы

Келдебаева Орынкуль Шайхиевна [signature]

ТАӘ (болған жағдайда), қолы

Мөрдің орны

Тіркеу нөмірі

Берілген күні 20 ___ жылғы "21" 08

КЕЛЕСІ БЕТКЕ ҚАРАҢЫЗ
СМОТРИТЕ НА ОБОРОТЕ

**Түркістан қаласы әкімдігінің Адами капиталды дамыту бөлімінің «Келешек» санаториялық бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

# Бұйрық

2021 жылғы 05 қаңтар № 68 ж/қ

Түркістан қаласы

**« Біліктілік санатын беру туралы»**

Аттестаттау комитетінің шешіміне сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1.Тәрбиеші Әміралиева Гүлсезім Мейрханқызы
2. Тәрбиеші,саз жетекші Жүнәйтова Қырмызы Сержанқызы
3. Дефектолог Қазыбаева Камшат Қалдыбаевналарға
Педагог модератор санаты берілсін

Негіздеме: Аттестаттау комиссиясының шешімі.

**«Келешек» санаториялық бөбекжайы меңгерушісі** **Г.Ешмуханова**

**Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Түркістан қаласының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Келешек» санаториялық бөбекжай балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

# Бұйрық

2021 жылғы 01 наурыз №187 ж/қ

Түркістан қаласы

**« Біліктілік санатын**
**беру туралы»**

Аттестаттау комитетінің шешіміне сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1.Тәрбиеші Есімқызы Қанағат
2. Тәрбиеші Абдразакова Лаззат Халтовна
3. Тәрбиеші Рысбаева Улбосын Максутовна
4.Дефектолог Ардабаева Ақмарал Дуйсенбаевна
5. Логопед Жолдасбек Ботакөз Жарасбекқызы
6. Логопед Шотаева Бакыткуль Ераханова
7. Саз жетекші Абдиразакова Майра Жамбыловна

Жоғарыда аталған тәрбиешілер мен педагог қызметкерлерге «Педагог модератор» санаты берілсін

Негіздеме: Аттестаттау комиссиясының шешімі.

**«Келешек» санаториялық бөбекжайы меңгерушісі** **Г.Ешмуханова**

**Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Түркістан қаласының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Келешек» санаториялық бөбекжай балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

# Бұйрық

2021 жылғы 23 тамыз № 335 ж/қ

Түркістан қаласы

**« Біліктілік санатын
беру туралы»**

Аттестаттау комитетінің шешіміне сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Логопед Дулатбек Айсұлу
2. Тәрбиеші Ахмет Майра
3. Педагог – психолог Әжібекова Майра
4. Тәрбиеші Алимбекова Знура
5. Дефектолог Маман Айнұр
6. Тәрбиеші Жумабекова Эльвира
7. Дефектолог Жанбек Дана Ибадуллақызы

Жоғарыда аталған тәрбиешілер мен педагог қызметкерлерге «Педагог модератор» санаты берілсін

Негіздеме: Аттестаттау комиссиясының шешімі.

**«Келешек» санаториялық бөбекжай балабақшасының меңгерушісі** **Г.Ешмуханова**

**Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Түркістан қаласының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Келешек» санаториялық бөбекжай балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

# Бұйрық

2022 жылғы 05 қаңтар № 17 ж/қ

Түркістан қаласы

**« Біліктілік санатын**
**беру туралы»**

Түркістан қаласының «адами әлеуетті дамыту бөлімі» ММ-нің «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттау туралы» «24» желтоқсан 2021 жылғы №284 н/қ бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

«Келешек» санаториялық бөбекжай балабақшасы коммуналдық мемлекеттік мекемесінің тәрбиешісі Кешубаева Қарашашқа «Педагог-сарапшы» санаты берілсін

Негіздеме:2021 жылғы 24 желтоқсандағы біліктілік санатын беру (растау) жөніндегі Комиссия отырысының хаттамасы.

**«Келешек» санаториялық**
**бөбекжай балабақшасының**
**меңгерушісі** **Г.Ешмуханова**

Бұйрықпен таныстым,келістім: 05.01.2022 [signature] Кешубаева К.
(күні) (қолы) (қолтаңбаның толық мәні)

**Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Түркістан қаласының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Келешек» санаториялық бөбекжай балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

# Бұйрық

2023 жылғы 04 қаңтар №4 ж/к

Түркістан қаласы

**« Біліктілік санатын**
**қайта тіркеп беру туралы»**

Аттестаттау комитетінің шешіміне сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Логопед Әжібекова Майра Батырбекқызына «Педагог - модератор» санаты қайта тіркеліп берілсін

Негіздеме: Аттестаттау комиссиясының шешімі.

**«Келешек» санаториялық**
**бөбекжай балабақшасының**
**меңгерушісі** **Г.Ешмуханова**

Бұйрықпен таныстым,келістім: 04.01.2023 Әжібекова М.
(күні) (қолы) (қолтаңбаның толық мәні)

«ПЕДАГОГ» ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
БЕРУ ОРТАЛЫҒЫ

# СЕРТИФИКАТ

*Ахмет Майра Өтегенқызы*

***«Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі аясында мектепке дейінгі ұйымдардағы 2022-2023 оқу жылындағы өзгерістер» тақырыбында онлайн семинарға қатысқанын растайды. (8 а.с)***

«Педагог» әдістемелік кеңес беру орталығының директоры иғк:
«12» қыркүйек 2022 жыл

Б.С. Ногайбекова
Тіркеу нөмірі: 181

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ «ПЕДАГОГ» ӘДІСТЕМЕЛІК БІЛІМ БЕРУ ОРТАЛЫҒЫ ЖСН 881204400488

НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ

Ustaz tilegi
ғылыми-әдістемелік орталық

"USTAZ TILEGI" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ

THE REPUBLICAN SCIENTIFIC-METHODICAL CENTER "USTAZ TILEGI"

"Облыстық" олимпиада

# Диплом

*I- дәрежелі*

I

№О-0307861

«Ustaz tilegi» ғылыми-әдістемелік орталығы ұйымдастырған Облыстық "Үздік тәрбиеші" тәрбиешілер арасындағы онлайн олимпиадасының жеңімпазы

*Ахмет Майра Өтегенқызы*

МАРАПАТТАЛАДЫ

24, желтоқсан 2021 жыл

Құжаттың заңдылығын осы qr-кодты сканерлеу арқылы тексеруге болады

ДЖАМБУЛОВА С. А.
«Ұстаз тілегі» республикалық ғылыми әдістемелік орталығының директоры

«USTAZ tilegi» UST.KZ

WWW.UST.KZ

Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасының
Түркістан қаласы адами әлеуетті дамыту бөлімінің
«Келешек» санаториялық бөбекжай балабақшасы КММ






# Мадақтама

Ақиық ақын М.Мақатаевтың
90 жылдық мерейтойына орай мектепке дейінгі
тәрбиешілер арасында өткізілген қалалық
**«Кел, болашақ!»** атты мәнерлеп оқу байқауында
сахналық қойылымына белсенді қатысып,

**II ОРЫНҒА**

ие болғаны үшін

**Ахмет Майра**

М А Р А П А Т Т А Л А Д Ы.

Меңгеруші Г.Ешмуханова

Әдіскер Ж.Бейсенбаева

Тіркеу № 1

Түркістан-2021

«Келешек» санаториялық бөбекжай балабақшасы КММ

# ГРАМОТА

**Бүлдіршіндерге тәлім-тәрбие беріп, білім нәрімен сусындатып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде аянбай еңбек еткен тәрбиеші**

**Ахмет Майра Өтегенқызы**

**МАРАПАТТАЛАДЫ**

Меңгеруші Г.Ешмуханова

Әдіскер А.Калдан

Тіркеу № 27

Түркістан-2022ж.

# ДИПЛОМ

2022 ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ІСКЕРЛІК ҚАБІЛЕТІМЕН ҚОСА ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІГІМЕН ДАРАЛАНЫП, "КЕЛЕШЕК" САНАТОРИЯЛЫҚ БӨБЕКЖАЙ БАЛАБАҚШАСЫНЫҢ ӘДІСКЕРІ

**"ШЕБЕР МАМАН"**

АТАҒЫНА ИЕ БОЛҒАНЫ ҮШІН

**АХМЕТ МАЙРА**

МАРАПАТТАЛАДЫ

"КЕЛЕШЕК" САНАТОРИЯЛЫҚ БӨБЕКЖАЙ БАЛАБАҚШАСЫНЫҢ МЕҢГЕРУШІСІ Г. ЕШМУХАНОВА

«КЕЛЕШЕК» САНАТОРИЯЛЫҚ БӨБЕКЖАЙ БАЛАБАҚШАСЫ КММ

# ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ

ЖАС ҰРПАҚҚА ТӘРБИЕ МЕН САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЕСЕЛІ ЕҢБЕГІ, ҚОЛ ЖЕТКІЗГЕН КӘСІБИ ТАБЫСТАРЫ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНА ҚОСҚАН ЕЛЕУЛІ ҮЛЕСІ ҮШІН

**Ахмет Майра Өтегенқызы**

МАРАПАТТАЛАДЫ

Меңгерушісі Г. Ешмуханова

Тіркеу № 35

Түркістан 2023 жыл

Қазақстан Республикасы Ақпарат және
Қоғамдық даму министрлігі

Мемлекеттік тіркеу
№ **KZ64VPY00040878**

# ALGYS KHAT

*Құрметті*

## ***Ахмет Майра Өтегенқызы***

Біз сіздің білім беру саласында бала тәрбиесі мен жарқын болашағына зор ықпал етіп, сапалы білім мен саналы тәрбие берудегі ерен еңбегіңізді жоғары бағалаймыз. "Жаңашыл педагог мінбері" Республикалық ғылыми-педагогикалық, әдістемелік журналына өз әдістеріңізбен бөлісіп, кәсіби шеберлігіңізді таныта білгеніңіз үшін алғыс білдіреміз!

Бас редактор: А. А. Альжанова

***Алматы қаласы, 2023***
***Тіркеу №1100248***

Қазақстан Республикасы Ақпарат және
Қоғамдық даму министрлігі

Мемлекеттік тіркеу
№ KZ64VPY00040878

# СЕРТИФИКАТ

## *Ахмет Майра Өтегенқызы*

"Жаңашыл педагог мінбері" Республикалық ғылыми-педагогикалық, әдістемелік журналында өз тәжірибесімен бөлісіп әдістемелік материалын жариялағанын растайды

Бас редактор: Алтынай Абдиганиевна

TutorUp

*Алматы қаласы, 2023ж*
*Тіркеу №1100247*

**"ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ АТА-АНАЛАР МЕН ПЕДАГОГТАР КОМИТЕТІ" ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІ**

**ОБЩЕСТВЕННОЕ ОБЪЕДИНЕНИЕ "КОМИТЕТ РОДИТЕЛЕЙ И ПЕДАГОГОВ ПО ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ"**

# СЕРТИФИКАТ

17.11.2022 жылы өткізілген "Өміріміздегі жағымсыз жағдайлары өшіру", "Болашақтан хат" "Қолыңнан барлығы келеді" "Сиқырлы сандық" "Өмірден жақсылық көрейік" тақырыбындағы тренинг-семинарға қатысқаны үшін

Т.А.Ә./Ф.И.О. Ялиш Майра Отегеновна

"Түркістан облысы ата-аналар мен педагогтар комитеті" қоғамдық бірлестігінің төрайымы

МП

А.Т. Мельдешова

"17" 11 2022 ж.

Түркістан қаласы

Тіркеу № 141

Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігі

Altyn bilim kilty оқу орталығы
Мемлекеттік тіркеу № KZ80VPY00051745

# Сертификат

## Ахмет Майра Өтегенқызы

Халықаралық білім беретін ғылыми- педагогикалық әдістемелік шығармашылық бағыттағы "ALTYN BILIM KILTY" журналында білім дамыту саласындағы өз тәжірибесімен бөлісіп әдістемелік материалын жариялағанын растайды

А.А. Альжанова
Бас редактор:

Тіркеу № 1100245

Алматы қаласы

DARYN. ONLINE

# СЕРТИФИКАТ

Тіркеу нөмері № 22-49027

## Ахмет Майра Өтегенқызы

Қатысушы Daryn республикалық білім беру платформасы ұйымдастырған **"Үздік тәрбиеші" (80 сағат)** курсын сәтті аяқтағанын растайды. Курс барысында цифрлық технологиялар пайдалана отырып, білім беру негіздерін игерді

"Daryn.Online" ЖШС директоры Асқар Мақсат

Алматы 2024

15.01.2024



**Ахмет Майра Өтегенқызы**
Түркістан облысы, Түркістан қаласы
"Келешек" санаториялық бөбекжай балабақшасы
коммуналдық мемлекеттік мекемесі, МДҰ
Тәрбиеші

**Мектепке дейінгі жастағы ЖСТД балалардың ауызша сөйлеу тілін қалыптастырудың негіздері.**

Мақаламда мектепке дейінгі балалардың ауызша сөйлеу тілдерін дамытудағы жаттығулар мен жұмыс түрлері, ойын түрлері айтылмақ.

Қазіргі кездегі коррекциялық – педагогиканың ең басты мәселелерінің бірі – ауызша сөйлеу тілінің бұзылуы болып отыр. Қазіргі кезде жалпы сөйлеу тілінің дамымау жағдайы көп кездеседі.

Жалпы сөйлеу тілінің дамымауы деген – есту қабілеті мен дыбыстық, мағыналық жағына қатысты сөйлеу тілі жүйесінің бұзылуынан болатын түрлі күрделі тіл кемістіктері.

ЖСТД бұзылысына сипаттама бере кетсем. Дыбыстарды бұзып айту, фонетикалық есту қабілетінің дамымауы, сөздік қоры мен сөйлем құрай алмауы.

Баланың сөйлеу тілінің дамуына әсер ететін басты уақыт ол мектеп жасына дейінгі кезең болып саналады. Егер 5-6 жаста баланың тілі толығымен дамымаса, ересек кезінде одан әрі баланың тілін дамуы қиынға соқпақ. Сондықтан осы кезден бастап баланың сөйлеу тілін дамытуға аса көңіл бөлгеніміз абзал. Баланың сөйлеу тілін дамыту ересектермен тығыз байланыста жүзеге асады. Себебі баланың сөйлеу тілі туа салысымен қалыптасатын құбылыс емес. Ол баланың физикалық-дене және ақыл-ой дамуы процесімен бірге дамиды. Баламен үнемі сөйлесіп отыру қажет. Балабақшадан келген соң достарыңмен қандай ойын ойнадың? Қандай жұмыс жасадың, қандай суреттерді боядың? деп бала үнін тыңдау керек. егер, баламен жиі сөйлеспудің нәтижесінде баланы шаршап, мазасыз күйге түсуі мүмкін. Сондықтан көп балалар ашуланшақ болып келеді де, өзінің көңіл-күйін айқайлау, жылау арқылы білдіреді.

Көптеген зерттеулердің нәтижесінде ЖСТД бар балалалардың сөйлеу тілін меңгеруде көптеген қиындықтардың туындайтыны анықталған.

Белгілі психолог ғалым Л.С. Выготский өзінің психологиялық зерттеулерінде балалардың өсу, жетілу, даму ерекшеліктеріне талдау жасай отырып, балалар жеке заттарды біліп қана коймай, оларды жіктеп, топтап айта білуі тиістігін айтқан. Яғни, бала әр заттың қайдан, неден жасалатынын түсініп, сөйлеп айта білуі қажет.

Бүгінгі таңда баланың сөйлеу тілдерін дамыту өзекті мәселелердің бірі болып келеді. Себебі, педагогтар баланың сөйлеу тілін дамыту мәселесінде мынадау қателіктерді жібереді:

— педагог не (тәрбиеші) көбіне өздері көп сөйлейді. Баланың сөйлеуіне мүмкіндік бермейді. Өбіне сұрақ қояды да бала жауабын күтпейді. Баланың ойланып жауап беруіне уақыт бермейді. Тәрбиші өздері жауабын айтуға тырысады.

Баланың сөйлеу тілін дамытуда мнде тәрбиеші ретінде бұл мәселені шешуде ат салысып қызмет етіп келемін.

**Мақсатым:** мектепке дейінгі жастағы ЖСТД бар балалармен жұмыс жасауда Монтессори әдістемесінің элементтері бар жаттығуларды сабақта қолдану. Мақсат негізінде мынадай болжам туындады: егерде логопедиялық сабақтар барысында ЖСТД бар мектепке дейінгі жастағы балалардың сөйлеу тілін дамытуда Монтессори әдістемесінің элементтерін жүйелі түрде қолдансам, сөйлеу тілін дамыту үрдісі нәтижелі болмақ.

Мен өз тәжірибемнен айтар болсам мектепке дейінгі жастағы баланың сөйлеу тілін дамытуда қолданылатын ойын түрлері мен жұмыстар түріне тоқталып өтейін:

-Күнделікті сабақта балаларға арналған өлең-шумақтар, тақпақтар, желілі-рөлді ойындар, дыбысты еліктеу ойындарын ұйымдастырамын. Бұл ойындар мен жұмыстарды жүргізу кезінде балалардың сөйлеу тілі дамиды, балаға сөздерді қимыл-қозғалыс арқылы да үйретемін. Сол іс қимылды балалар қайталап айтып, сөзді естуімен қайталайды.

Дыбысты еліктеу арқылы қайталатып айтқызу «Тырс-тырс жаңбыр» өтізгенде баланың фонематикалық есту қабілеті дамиды, белгілі бір дыбысты анық айтуға дағдыланады.

Тапсырмаларды орындауға қажетті арнайы құралдар дайындалған. Қолданылатын жабдықтар: жеңіл үстелдер және еденде гі жеңіл кілемшелер, табиғи шикізаттардан жасалған арнайы жабдықтар және күнделікті тұрмыста кездесетін леген, стақан, қасық, майлық, су, дақылдар



**Ахмет Майра Өтегенқызы**
Түркістан облысы, Түркістан қаласы
"Келешек" санаториялық бөбекжай балабақшасы
коммуналдық мемлекеттік мекемесі, МДҰ
Тәрбиеші

**Тәрбиеші – балабақша жүрегі**

Сен не еткен бақытты едің келер ұрпақ,
Қараймын келбетіңе мен таңырқап ...
Қ.Аманжолов

Жас жеткіншектерді тәрбиелеу жұмысының негізі ең алдымен отбасында қаланып, содан соң балабақшада жалғасатыны белгілі. Бүгінгі жас ұрпақ болашағының іргe тасының берік қалануы үшін, балабақшада берілетін білім мен тәрбиені дұрысм қалыптастыру өз қолымызда. Біздің басты мақсатымыз: Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі білім беру стандартының негізгі ережелері мен талаптарын басшылыққа ала отырып, білім салаларында білім алу құзіреттіліктерін қалыптастыру.

«Ел боламын десең, бесігіңді түзе» — деп ұлы жазушы Мұхтар Әуезов айтқандай тәрбие тал бесіктен басталуы тиіс тек отбасында ғана емес, балабақшада тіл үйреніп, халқымыздың салт-дәстүрін бойына сіңіріп, құнарлы бай әдебиетімізден нәр алып өскен баланың болашағы қашанда жарқын болары сөзсіз.

Жас ұрпақтың негізі бұрын мектепте қаланады десек, енді оның балабақша қабырғасында қаланатынына көзіміз әлдеқашан жетті. Балабақша «Білім туралы» Қазақстан Республикасы заңының, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары бойынша өз мақсат, міндеттерін орындап келеді.

Ұстаз - таудан сарқырап аққан тау өзені секілді, айналасына қуат беріп, жолында кездескендерді суымен нәрлендіріп, таудай қиындықтарды тастай домалатып, білімнің сар даласында тыныштық тауып, дамылдайды. Ұстаз - Жер деген әлемнің бетін көркейткен, шәкірттеріне шуақ төккен Күн-Ана. Ұстаз - ақылдың тозбайтұғын асылы. Қасиетті мамандық иелерінің ішіндегі жауһары. Өзге мамандық атаулылары өздерінің түр-сипатын мың құбылтып жатса да, еш өзгеріссіз сол баяғы қалпында жас ұрпаққа адамгершілік қасиеттерді сіңірген адам ол ұстаз. Менің мамандығым - тәрбиеші. Қиындығы мен қызығы мол осы мамандықты армандадым. Адам баласына көмектесу - игілікті істердің бастамасы екенін сезгендеймін.

Ендігі алға қойған мақсатым - білікті тәрбиешілердің қатарынан көріну, білімді балалар тәрбиелеу. "Бала жүрегі- кішкентай күй сандық. Сол сандықтың кілтін тапсаң ғана ашылады. Тәрбиешінің қолында әр кезде сол кілт тұру керек" деп М. Шаханов ағамыз айтқандай, әр баланың жүрегіне жол табу, бала бойындағы дарынды ашу тәрбиешінің міндеті деп ойлаймын. Қазір жас маманмын - болашақта ұлағатты тәрбиеші болу басты арманым. Тәрбиеші - балабақша жүрегі болса, оның беделі балабақшаның беделі. Ал, балабақша - мемлекеттің басты тірегі деп айтсақта болады. Олай болса, қазіргі таңда тәрбиеші білікті әрі шебер, ұшқыр ойлы, қабілетті, өз ісін жетік меңгерген болуы керек. Тәрбиешілер қатарын толықтырып отыратын мен сияқты жас мамандар да талмай үнемі ізденіс үстінде болып, әр баланы мектепке ақылды, тәртіпті, білімді бала қылып балабақшадан жақсы түлектер ұшырса шығар асуымыз алыс емес. Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры тәрбиешілер мен мектеп ұстаздарының қолында. Сондықтан әрбір ұстаз бұл жауапкершілікті сезінсе, біздің мемлекетіміздің қорғаны нығая түспек. К.Ушинский: "Ұстаз - өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана ұстаз, ал оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның ұстаздығы жойылады" деген ойымен келіспеу мүмкін емес. Күнделікті таңертең балабақша ауласына жақындағанда, балалардың сыңғырлай күлген даусытары мені қуанышқа бөлейді. Балабақшаға кіргеннен-ақ, өзімді мазалаған сан түрлі ойлардан арылып, кішкентай бүлдіршіндеріміздің тәтті қылықтары мен әдемі жүздерінен шаттанамын. "Баласыз үй мазар, балалы үй базар" деп ата- бабаларымыз бекер айтпаса керек. Алдымызға келген балалар - біреудің маңдай алды жарығы, енді бірі - жан дегенде жалғызы, бірі - ерке, бірі - қой аузынан шөп алмас момыны. Маңдай алды жарығын таңшолпандай жарқыратып, жан дегенде жалғызды көпшілдікке үйретіп, қой аузынан шөп алмасты ортада жарқылдап сөйлер шешен қылып тәрбиелеу үшін қажымас қайрат пен батырлық қажет. Ең алдымен өзіме осы екі асыл қасиетті серік етемін. "Білімді болуға - оқу керек. Бай болуға - кәсіп керек. Күшті болуғабірлік керек. Осы керектің жолында жұмыс істеу керек" деген А.Байтұрсынов саралаған әдемі жолдардың ізімен жүріп өтсек

бірлігіміз бен кәсібіміз одан әрі жандана түсетініне сенемін. Балабақша - балалардың екінші үйі болса, ал тәрбиешілер екінші анасы екенін әрдайым санамда ұстаймын. Әр үйдің еркелерін бір арнаға тоғыстырып, олармен жұмыс жасау оңайға соқпайды. Алайда баланың тілін тауып, тілдесу, жақсы тәрбие берудің өзі мен үшін үлкен ғанибет. Ақ парақ бетіне сызу сызғандай баланың кіршіксіз санасына адамгершілік, мейірімділік нұрын сеуіп, білім, өнер нәрімен сусындату тәрбиеші деген ұлы тұлғаның парызы.

Ұстаз болып жұмыс істей отыра, әр бала жеке дара тұлға екенін сезініп және сен ұстаз ретінде әр баланың жүрегіне кілт таба білуің керек. Тек қана балаларға емес, оның ата – анасынада.

Тәрбиеші – екінші ана. Біздің мамандықта ең бастысы – балаларды жақсы көру әрқайсысы әр түрлі мінезде, әр үйдің кенжесі,еркесі және оларды жай ғана жақсы көріп қана қоймай жүрегінді берердей жақсы көру керек деп ойлаймын.

Педагогикалық шеберлік – өскелең ұрпақты тәрбиелеуді өзгеше өнері. Біздер балаға қиындығы мен қарама – қайшылығы мол өмірді, қоршаған ортадағы құбылыстарды бағамдай білуге көмектесуіміз қажет. Тек педагог ғана бала жанының қаншалықты сезімтал, ұғымтал болатындығын бағалауға барлық мүмкіндіктерін жұмылдырады. Біздің балаға берерміз – махаббат, сүйіспеншілік, мейірім мен қамқорлық. Балалар өміріміздің жауқазыны іспетті. Ал жайқала өсетін әсем гүлдер ешқандай жасандылықсыз және шынайылықпен баптағанда бойын бекітетіндігін білеміз. Бар біліміміз бен асыл қасиеттерімізді періште бөбектерге арнасақ олардың жүрегіне жол табуға болады. Әрі оларды елжандылыққа тәрбиелесек – міне, біздің балабақшамыздың нағыз мейірім алаңына айналғаны.

Балабақшамыз қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі табиғатты қорғау, балалардың экологиялық мәдениетін еселеуге, қоршаған ортаға деген құрметін қалыптастыруға тікелей байланысты. Осыған сәйкес қазіргі уақытта білім беру мекемелерінде балаларға экологиялық тәрбие беру — оқу-тәрбие үрдісіндегі әлеуметтік мән-маңызы зор, құнды бағыттардың бірі экологиялық тәрбие бағыты бойынша жұмыстанып мақсат, міндеттерін орындауда.

Мақсатымыз: Балаларды туған табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеп, оның әсемдігін терең сезінуге, өсімдіктер мен жануарлар дүниесін қамқорлыққа алуға тәрбиелеу; Балабақшада табиғат жөнінде қарапайым білім беріп, осының негізінде жанды және жансыз табиғаттағы құбылыстар жөнінде нақты жалпылама түсініктерді қалыптастыру.

«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі ке¬рек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жа¬уы, тәрбиесіз берілген білім адамзатқа апат әкеледі»-де¬ген ғұлама ғалым Әбу На¬сыр Әл-Фа¬ра¬бидің ой¬ын әрбір ұстаз, әрбір ата-ана өздеріне қағида ретінде ұстанса нұр үстіне нұр бо¬лары сөзсіз.

Сондықтан да тәрбиешіге қойылатын талап та жоғары болмақ. Ғылым мен техниканың қарыштап дамыған тұсында еліміздің білім мен тәрбие беру жүйесінде тың ізденістерді негізге алған мемлекеттік бағдарламалар енгізіліп қана қоймай, енді міне әлемдік стандартқа көшуге бет түзей бастадық.

Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық мәдениет тәрбиесінің бір маңызды шарты ол дамытушы- заттық ортаны дұрыс ұйымдастыру және экологияландыру болып табылады. Қазақ қашанда бала тәрбиесіне үлкен мән берген. Аттың жалы, түйенің қомында көшпелі тірлік кешсе де, «балам – балым, баламның баласы – жаным» деп оның тәтті қылықтарына тамсанған. Қыз баласын ұлмен тең санап, «әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» деп перзенттерінің тәрбиесін басты назарда ұстаған. Ру таңбасын көрсетіп, «жеті тасын білген жетелі» деп жеті атасын жаттатқызған. Халықтың аңыздары мен жырларын тыңдатып, халықтың ұлы болуға баулыған ұлдарын. Қыздарына отбасының ұйытқысы болуды ғана емес, ұлт тәрбиесін жалғастыруды, сақтауды үйреткен. Осы ұлы тәрбиенің нәтижесін ұрпақтар жалғастығынан көруге болады. «Бұтағымен ағаш сымбатты, ұрпағымен адам қымбатты» деген қазақ даналығында саналы сыр бар. Осы қағиданы берік ұстаған ата-бабаларымыз ұрпақ жалғастығын, үбірлі-шүбірлі болуды, өмірдің мақсаты, мұраты санаған. Асыл қазынаға жол бастап зерделі ұрпақ тәрбиелеуде, ата-анамен педагогтардың аянбай еңбек жасағандары абзал.

Мектепке дейінгі жастағы балаларға ұжымдық тәрбие беруді қалыптастырған балабақшаның бүгінде маңызы зор. Ата-аналардың жақсы тұрмысқа ұмтылуы олардың жұмысбастылығына алып келді. Жаңа ғасырда бала тәрбиесін сеніп тапсыруға болатын, қауіпсіз, баланың жан-жақты дамуы мен жетілуін қамтамасыз ететін балабақшалар ауылдық жерлерде де ашыла бастағаны көңіл қуантады. Ұжымдық тәрбиенің қоғамға пайдасын сезе білген мемлекет еліміздегі балабақшаларды көбейте бастады. Адамға әр алуан атақ-дәреже алып беретін ұлы құдірет – еңбек. Еңбексіз табылған бақыттың қадірі аз, ғұмыры қысқа. Еңбек атаулының бәрі де жақсы болғанымен, оның сапалы орындалатыны, кейде зая кететіні де жоқ емес. Қалай дегенмен қарманған қарап қалмайды, көздеген мақсатына жетеді.Бала болашағы балабақшадан басталады.